

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 4, Number 308 (2016), 128 – 134

**KAZAKHSTAN AND CHINA:
PROBLEMS OF TRANSBOUNDARY RIVERS**

Ye. O. Sadibekov

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: sadybekov.ermek@mail.ru

Keywords: environmental disaster, transboundary rivers, convention, China.

Abstract. This article analyzes the Kazakh-Chinese relations in the field of transboundary rivers. In the framework of the article there are given a retrospective analysis, factors and descriptive examples of developing relations between nations, their policies in resolving transboundary water problems and conflicts. The purpose of the article is to find answers related to the following questions: policy and water resources, international law and national interests, environmental disaster and ways of solving environmental problems using of international water law, recommendations to the policy of the governments in the water sector, etc.

ӨОЖ 57

**ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ҚЫТАЙ:
ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ӨЗЕНДЕР МӘСЕЛЕСІ**

Е. Ө. Садібеков

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

Түйін сөздер: экологиялық апат, трансшекаралық өзендер, конвенция, Қытай.

Аннотация. Мақала трансшекаралық өзендер аясындағы Қазақстан мен Қытай арасындағы қатынастарды талдауға арналған. Мақала шеңберінде ретроспективті талдау жасалынып, Қазақстан және Қытай арасындағы қатынастардың дамуы және қалыптасқан су мәселесінде және жанжалды жағдайлардағы мемлекеттердің қандай саясат ұстанатыны жайлы көптеген факторлық және дискретивті мысалдар келтірілген. Мақала мақсаты келесідей түсініктерге қатысты сұрақтарға жауаптар іздеу: саясат және су ресурстары, Халықаралық құқық және ұлттық мүдде, экологиялық апат және экологиялық мәселелерді халықаралық су құқығы арқылы шешу жолдары, су саласындағы мемлекет саясаты қандай болуы керек және тағы басқа.

XX ғасыр мемлекеттер арасында негізінен мұнай, газ және т.б. энергия ресурстары үшін негізгі жанжалдар болды, ал XXI ғасырда жанжалдасудың негізгі себепкері су болмақ. Өйткені, мұнай және газ секілді энергия көздерін баламалы энергия көздерін дамыту арқылы алмастыруға болады, ал суға балама бола алатын ештеңе жоқ. Соңғы жарты ғасырда су үшін 500-ден астам жанжалдар болған.

Су қазіргі таңда саяси құралға айналууда. Бүгін мұнайға, газға және т.б. табиғи байлықтарға бай мемлекеттер өздерінің табиғи ресурстармен өздерін толыққанды қанағаттандыра алмайтын мемлекеттерге қысым жасау мүмкіншілігі көп. Жақсы мысал ретінде, мұнайға бай Қазақстанмен, газға бай Өзбекстанды алсақ болады. Олар толыққанды Қырғызстанға және Тәжікстанға су ресурстары бойынша тәуелді. Бірақ Қырғызстан және Тәжікстан гидроэнергетикалық потенциалы жоғары бола тұра, мұнай және газ секілді табиғи ресурстарға тапшы. Былай айтқанда, Қырғызстанның және Тәжікстанның энергоресурстарға байланысты бізге тәуелділік болып табылады. Өйткені гидроэнергетика қажетті деңгейде дамымаған, сондықтан олар бізге су арқылы қысым көрсете алмай отыр.

Гидроэлектростанцияларының салуына төменде орналасқан мемлекеттер мүдделі емес, Қазақстан және Өзбекстан гидроэнергетикасының дамымауына бар қарсылықтарын білдіріп жатыр. Олардың негізгі аргументтері, ол Арал теңізінің экологиялық апатқа ұшырауы. Ал Арал теңізінің проблемасы, ол тек Қазақстанның және Өзбекстанның проблемасы емес, ол осы аймақта орналасқан барлық мемлекеттердің мәселесі болып табылады.

Қазақстанға ағып келетін су ресурстарын пайызға шағатын болсақ, Сырдарияның 75,2 % Қырғызстанда, 15,2 % Өзбекстанда, 6,9 % Қазақстанда, 2,7 % Тәжікстанда қалыптасады екен. Осыған қарағанда, Қазақстан Қырғызстанға тәуелдірек болып табылады, өйткені Қазақстанның экономикасы табиғи қазбалармен қатар, ауыл шаруашылығына да байланысты болып табылады. Ал Қазақстан жерін басып өтетін Әмудария өзенін қарайтын болсақ, оның 74 % Тәжікстанда, 13,9 % Ауғанстанда, 13,9 % Иранда, 8,5 % Өзбекстанда қалыптасады екен [1]. Осыған қарап, Қазақстан көршілес мемлекеттерге су бойынша қатты тәуелді екенімізді байқауға болады. Қазақстанның сегіз негізгі өзенінің жетеуі трансшекаралық болып табылады екен. Біздің елімізге келетін судың 40 % өзге мемлекеттерден келеді. Орталық Азия аймағында Қырғызстан ғана су мәселесі бойынша тәуелсіз болып табылады, өйткені оның барлық сулары өзінің территориясында қалыптасады екен [2]. Аталған проблемаларға Ауғанстан қосылмады әлі, өйткені бұл мемлекеттің ішінде тұрақсыздық жағдай орын алып отыр, бірақ Ауғанстанда жағдай түзеліп, бейбітшілік орнаған жағдайда, ол да ауыл шаруашылығын дамытады, ауыл шаруашылығын дамытуымен қатар, ол Қазақстанға олсыз да аз келіп жатқан Әмудария өзенінің белгілі бір бөлігін алады, сол кезде тағы бір проблема біз үшін пайда болады.

Егер әлемдік трансшекаралық өзендер мәселесін қозғайтын болсақ, қазіргі таңда көптеген елдерде трансшекаралық өзендерді бөлу мәселесі бар. Олардың осы мәселені шешудегі қатынастары біз үшін жақсы үлгі бола алады. Мысалға:

1. Сырдария өзенінің ағысында Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстанның мүдделері қақтығысуда [1];
2. Тигр және Евфрат өзендерінің ағымдарында Түркия, Сирия, Ирак, Ливия және Израиль секілді мемлекеттердің мүддесі қақтығысуда
3. Аракс өзені үшін, Армения, Әзірбайжан, Иран, Түркия[3];
4. Иордан өзенінің ағысын Израиль, Сирия, Иордания және Ливан мемлекеттері бөлісе алмауда [4];
5. Нил өзенінің ағысы үшін, қазіргі таңда Мысыр, Судан, Эфиопия және Уганда мемлекеттері күресуде;
6. Замбези өзенінің ағысын Ангола, Ботсвана, Замбия, Зимбабве, Мозамбика, Намибия секілді мемлекеттер бөлісе алмауда [5];
7. Ганга өзенінің ағысына Үндістан және Бангладеш таласуда [6];

Бұл тізімді ары қарай жүргізе беруге болады, бірақ бұл тізімде мен тек қазіргі таңда трансшекаралық мәселелері ауыр болып тұрған аймақтарды көрсетіп кеттім. Қазақстанның өзі осы су мәселесі бойынша проблемалық аймақта орналасқанын байқап отырмыз. Бүгінгі таңда Қазақстан өзінің су ресурстарын тек Орталық Азия мемлекеттерімен ғана бөлісуге мәжбүр емес, сонымен қатар, шығысымызда орналасқан алып аймақар Қытай елімен де трансшекаралық өзендер мәселесі туындап отыр. Қытаймен Қазақстан арасында 24 трансшекаралық өзендер бар. Соның ішіндегі негізгі болып табылатын Ертіс және Іле өзендері болып табылады. Қытаймен осы аталған өзендерге қатысты келіссөз жүргізу оңайға соқпады, өйткені Қытай да халықаралық суды реттейтін келісімдерге қол қоймаған. Қазақстан мен Қытай арасындағы келіссөздер тарихы сонау тәуелсіздік алғалы бері жалғасып келеді. Сол кезеңнен Қытаймен бірнеше келісімдерге келген болатынбыз, дегенмен ол әлі тиімді деңгейде жұмыс жасап жатқаны жайлы айту қиын.

Ең бірінші келіссөздердің бірі Қорғас өзеніне қатысты бастау алды десек болады, Қытай Халық Республикасының Сынцзян – Ұйғыр автономиялық ауданының Хочан уезінің Никанчи ауылындағы өзенін бөлісу бойынша комиссия басшылығының ұсынысымен 1992 жылдың 29 маусымда Қорғас өзенінің бойында бөгеттер салып, судың тең бөлуі жайлы мәселесі көтерілген болатын. Бірақ сол кезеңдегі ауыр экономикалық жағдай бұл мәселені толыққанды шешуге мүмкіншілік бермеді. Жалпы Қорғас өзеніне қатысты келіссөздер бірінші Ресей империясы кезеңінен

бастау алады, содан соң Кеңес Одағы мен ҚХР арасында Қорғас өзенін тең бөлу жайлы келісімге 1965 жылдың 30 сәуірінде қол қойылған болатын.

Қазақстан және Қытай арасындағы негізгі экономикалық, саяси және экологиялық мәселені туындатып отырған өзендердің бірі ол – Ертіс өзені болып табылады. Ертіс өзенінің ұзындығы 4248 км (соның 525 км Қытай, 1835 км Қазақстан, 2010 км Ресей территориясымен ағып жатыр). Өзеннің бастауы Қытай мен Моңғолия шекараларының шектескен тұсынан алады. Қытайдан Қара Ертіс деген атаумен бастау алып, біздің Шығыс Қазақстандағы Зайсан көліне келіп құяды. Ертіс Зайсан көлінен Бұхтырма, Өскемен және Шульбиндік су қоймасы арқылы Ханты-Мансийск ауданында Обь барып құяды [7].

Ертіс өзені Қазақстан үшін маңызды ауыз сумен қамтамасыз ететін өзен болып табылады. Біздің экономикамызда шешуші рөлді ойнайды. Ертіс-Қарағанды каналы арқылы Астананы (Астана Есім өзенінде тұрғанымен, халықты толығымен ауыз суымен қамтамасыз ете алмайды), Қарағандыны, Семейді, Павлодарды, Әкібастұзды, Теміртауды және Орталық Қазақстанның ауыл шаруашылығын ауыз сумен қамтамасыз етіп отыр. Ертіс бассейнінің жоғарғы жағы Қара Ертіс – Қытайдың территориясы арқылы ағады және 9.0 км^3 / жылына су ағыны осында қалыптасады. Қазіргі таңда Қытай $1.0\text{--}1.5 \text{ км}^3$ /жылына көлемінде өз қажеттіліктеріне суды алады. Жалпы болашақта Қытай Қара Ертістің $4.0\text{--}5.0 \text{ км}^3$ /жылына көлемінде алуды жоспарлауда. Бұл Ертістің төменгі жағында да проблема туындатуда, (Ресей жағында) судың төмендеуіне байланысты суда кемелер жүзуінің қиыншылығы пайда болуда. Қытай Ертістің бастамасында 10 % алып қоюда.

Қара Ертістің суы 300 км ұзындығы 22 метр ені бар «Қара Ертіс-Қарамай» каналы бойынша Синцзян-Ұйғыр автономиялық ауданының Қарамай қаласының мұнай-газдық орталығына ағып барады (Ертіс суының 26%). Қара Ертіс өзенінің бір бөлігі Улюнгур өзеніне барып құяды, соның нәтижесінде өзен 200 км кеңейді. Ертіс өзенінің бойында салынған «Ертіс-Үрімчі» каналы Тарим бассейнінде табылған мұнай және газ орындарын өңдеуге бағытталған. Өңдеп алынған мұнайдың және газдың орнын бос қалдырмау үшін, сол жерге су құйылады екен. Ол су қандай мөлшерде керек екенін Қытай өзі шешеді.

Қазақстан мен Қытай трансшекаралық өзендерге қатысты бірнеше келісімдерге қол қойғанымен, олардың экологиялық тазалығын сақтау, суды тең бөлу, Ресей мемлекетін мүдделі жақ ретінде келіссөздер процесіне тарту секілді мәселелер әлі де шешілмеген. Бұл жағдайда Қазақстанның жағдай жылдан жылға мүшкіл болып бара жатыр. Өйткені Қытай трансшекаралық өзендер бойынша өздерінің ұлттық және экономикалық мүдделерін әрқашан алға тартады. Дегенмен, олар келіссөздерден ешқашан бас тартпайды, бірақ бір мәселеге қатысты үзілді-кесілді шешімін айтпауға тырысады.

Эксперттердің пайымдауынша, Қазақстан мен Қытай арасындағы келіссөздерден күтілген нәтижелер жүзеге аспауда. Олардың пікірінше, Қытай тек екінші деңгейлі мәселелер бойынша ғана ымыраттық білдіріп отыр, ал суды тең бөлу және олардың экологиялық мәселелері секілді принципалды проблемалар бойынша шешімдерін толыққанды білдірмей отыр.

Дәл осындай проблема Іле өзені бойынша да бар. Іленің ұзындығы 1439 км, Қазақстанға тиесілісі 815 км. Іле өзені де Қытайда өз бастауын алады. Іле өзенінің бойында Қапшағай су қоймасы салынған [8].

Іле өзені Балхаш көлінің 80% қалыптастырады. Қазіргі таңда, Қытайдан Синцзян-Ұйғыр автономиялық ауданына судың 3.5 км^3 /жыл көлемінде суды бағыттауда, ол жақын болашақта 5 км^3 /жылына көлеміне ұлғаюы мүмкін. Бұл жағдайда Балхаш өзені кеуіп, тұздануына әкелуі мүмкін. Балхаш көлінің тартылуы, сол аймақтың экономикасына үлкен зиянын тигізетіні сөзсіз, өйткені көптеген өнеркәсіптер, балық аулау шаруашылығы осы Балхаш көліне негізделіп отыр. Экологиялық жағдайы да өте мүшкіл болады және оның тартылуы тек Шығыс Қазақстанның проблемасы емес, көршілес жатқан мемлекеттерге де зияны тиетіні белгілі. Жалпы Іле өзенінің соңғы 20 жылдық ағыны 17,8-ден 12,7 км^3 /жыл көлеміне азайды. Осыған қарап отырып, Қытай өзінің суды тұтынуды азайтпайтынын, керісінше жылдан жылға ұлғайтатынын анық болып отыр. Қазақстанда Ертіс өзені Кеңес Одағы кезеңінен бастап реттеліп қойғаны белгілі, сондықтан ол өзеннің ағынын төмендетуін жүзеге асыра алмайды, өйткені одан басқа су ресурстары бізде жоқ.

Тағы бір негізгі мәселе тудыратын өзендердің бірі ол Қорғас өзені. Қорғас өзені жоғарыда аталған Ертіс және Іле секілді трансшекаралық өзен болып табылады. Қорғас өзенінің ұзындығы

180 км. Қорғас өзені Қазақстан және Қытай арасында шекаралық өзен ретінде қарастыруға болады. Ол өзенді шекара ретінде тектен тек таңдалған жоқ, өйткені Қорғас өзенін жалпы жүзіп өтудің өзі қиынға соғады.

Қазіргі таңда, ең негізгі проблемалық өзендердің бірі болып табылады, өйткені Қазақстан үшін әр өзен маңызды болып табылады. Әр өзеннің тартылуы Қазақстанның кез-келген аймағына экономикалық соққы ретінде қабылдауға болады. Жалпы Қазақстанмен Қытай арасында негізгі ресми келіссөздер 1998 жыл орын алды. Сол жылдардан бастап, Қазақстан мен Қытай арасында кездесулердің 5 раунды өтті. Нәтижесінде, трансшекаралық өзендер бойынша жұмысшы эксперттер тобы құрылған болатын. 2000 жылдың 6 қарашасында осы топтың бірінші отырысы болып, олар негізгі 23 трансшекаралық өзен болып табылатын өзендердің алдын ала тізімін дайындады. Осы жұмыстың нәтижесінде, Астанада 2001 жылдың 12 қыркүйегінде «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы трансшекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге» қол қойылды. Бұл келісімді Қазақстан жағы Қытайға 1992 жылы ұсынған болатын, бірақ Қытай ол кезде бұл келісімді қарастырмады. Осы келісімге сүйене отырып, трансшекаралық өзендерді қолдану және қорғау бойынша бірлескен комиссия құрылған болатын.

Келісімнің **1-бабы** бойынша екі жақта өзендер қандай жағдайда трансшекаралық болып табылатынын айқындады: «Осы Келісімдегі "трансшекаралық өзендер" түсінігі Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының арасындағы мемлекеттік шекара сызығын кесіп өтетін, немесе мемлекеттік шекара сызығы бойынша орналасқан барлық өзендер мен арналарды білдіреді». Келісімнің **3-бабында** жақтар су тасқыны немесе басқа да апаттар кезіндегі іс-әрекеттерін келістіреді: «Тараптар су тасқыны апаттары мен қолдан істелген авариялардың алдын алу немесе олардың бір Тараптар мемлекетіне нұқсан келтіретін ықтимал елеулі зардаптарын жеңілдету жөнінде алдын ала тиісті шаралар қолданып, күш-жігер жұмсайтын болады». Келісімде ең бір қызық баптардың бірі ол **4-бап** болып табылады: «Өзара мүдделерді есепке ала отырып, Тараптардың бірде-бірі екінші Тараптың трансшекаралық өзендері су ресурстарын тиімді пайдалануына және қорғауына шек қоймайды». Былай айтқанда, Қытай Ертіс немесе Іле өзенінен қанша су алса да, Қазақстан оларға тойтарыс бере алмайды. Қытай бұл мәселеде тәуелсіз болып табылатынын айқындайды. Жоғары да атап кеткендей, Қытай 1992 жылы қабылданған халықаралық су құжаты болып табылатын Хельсиндік келісімге қол қоймаған, сондықтан суды өзінің экономикалық дамуына қанша пайдаланса да, тіптен ол төменде орналасқан Қазақстанның экономикалық және экологиялық зиянын келтірсе де, Қытайдың санаспау құқығы бар. Келісімнің **7-бабы** бойынша «Осы Келісімнің кез келген ережелері Тараптардың бірінің оның мемлекеттік қорғанысы мен қауіпсіздігіне қатысты төтенше маңызды ақпараттар немесе мәліметтерді екінші Тарапқа беру қандай да болсын түрде негіз қызметін атқара алмайды». Егер де бұл формулировкаға сүйенетін болсақ, менің ойымша, Қытай өзінің қаншалықты су алып жатқаны жайлы және не мақсатта алып жатқаны, су бойында қандай объекттер салатынына қатысты мәліметтер бермеуіне толыққанды құқық береді, өйткені ол мәліметтер Қытайдың тікелей ұлттық қауіпсіздігіне әсер етеді деп билігі шешуі әбден мүмкін. Келісімде атап кететін мәселелердің бірі ол **11-бапта** болып табылады, ол бойынша: «Осы Келісім өздері қатысушылары болып табылатын басқа да халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды» [9]. Бұл мәселе Қытай үшін өте маңызды болып табылады, өйткені Қазақстан Орталық Азия мемлекеттері арасына бірінші және жалғыз болып, Хельсинки келісіміне қол қойған болатын. Бұл баптан анық байқауға болады, Қытай Қазақстанның трансшекаралық өзендердің көптеген келісімдеріне қол қойғанын ескере отырып, жасаған әрекеттерінің бірі ретінде де қабылдауға болады. Егер де Қытай Қазақстанның халықаралық құжаттарын мойындап, осы мәселеге қатысуына жол берген жағдайда, Хельсиндік ережелер өз күшіне еніп, осы мәселеге халықаралық ұйымдардың араласуын көрер едік. Қытай бұл мәселеге ешкімді араластырғысы келмейтінін, оның іс-әрекетінен байқасақ болады.

2003, 2004 және 2005 жылдар аралығында трансшекаралық өзендер мәселесін шешуге қабілетті шешімдер қабылданбады, негізінен трансшекаралық өзендердегі көбінесе экономикалық емес, техникалық моменттерге көп көңіл бөлінді. Ол апат болған жағдайларда екі жақтың іс-әрекеті талқыланды, гидропосттардағы гидрологиялық және гидрохимиялық мәліметтермен бөлісті, оларды

өлшеудегі бірегей жүйелерін талқылады. Былай айтқанда, реалды істі шешетін, нақты Қазақстанның экономикалық және экологиялық мәселелерін шешетін проблемаларды Қытай ысырып отыруға тырысты. Қытайдың негізгі мақсаты уақытты созу болды. 2006 жылғы комиссияның кездесуінде маңызды оқиғалар орын алды. Біріншіден, «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Қытай Халық Республикасының Су шаруашылығы министрлігі арасындағы Тараптарды трансшекаралық өзендердегі табиғи апаттар туралы шұғыл хабардар ету туралы келісімге қол қою туралы келісімге» қол қойылды және комиссияның төртінші отырысында Қорғас өзенінде бірігіп «Достық» гидроторабын салудың техникалық мәселелері көтерілді.

2006 жылғы маусымда болған бесінші отырыста комиссия «Достық» гидроторабының техникалық-экономикалық, ішкі мемлекеттік мәселелері кеңінен қаралды. Сонымен қатар, комиссия Ертіс және Текес өзенінің бойындағы гидропосттардың гидрологиялық және гидрохимиялық көрсеткіштерін бөлісуге келісті.

Комиссияның соңғы отырысытарында нақтылық пайда болды десек болады. Эксперттердің пікірінше, ол 2009 жылы ҚХР төрағасы Ху Цзиньтаоның келіп, Н.Назарбаевпен трансшекаралық өзендер мәселесін көтеріп, талқылағанымен байланыстырып отыр. Сол кезеңде ҚХР төрағасы осы мәселені шешуде қолдау табатынын атап кеткен болатын. Нәтижесінде алтыншы отырыс 2009 жылдың 4 желтоқсанында Пекин қаласында өтті. Келіссөздерде Қазақстан делегациясын премьер-министрдің орынбасары Өмірзақ Шөкеев бастады, ал Қытай делегациясын Мемлекеттік кеңес премьерінің орынбасары Ван Цишань бастады. Осы алтыншы отырыста біз мәселенің деңгейінің өскенін байқаймыз. Егер де алғашқы таңда бұл мәселе тек ведомстволар немесе министрліктер арасында ғана көтерілетін болса, енді ол жоғары мемлекеттік деңгейге шыққанын көреміз. Басында қытайлықтар әдейі бұл мәселені жоғары деңгейге көтергісі келмегені айдане анық. Бұл қазақстандық жақтың кішігірім жеңісі ретінде қарастырсақ болады. Дәл осы отырыста трансшекаралық өзендер мәселесі тек техникалық тұрғыдан емес, алғашқы кездесулерде секілді, бұл жолы нақты проблемалар көтеріліп, трансшекаралық өзендердің тең бөлінуі мәселесі кеңінен талқыланды. Сол отырыста қазақстандық делегация Ертіс және Іле өзендерінің суларын тең бөлісу және оны қорғау жобасын ұсынған болатын.

2010 жылдың 13 қарашада Қарағандыдағы жетінші отырыс барысында «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қорғас өзенінде "Достық" ортақ бірлескен су торабын салудағы ынтымақтастық туралы келісімге» қол қойылды. Бұл келісім бойынша су ағысын екі мемлекеттей теңдей бөлісу мүмкіншілігі пайда болды. Бұл келіссөздердің ең бір тиімді жетістігі болды. Келісімнің өзін талдайтын болсақ, келісімнің **1-бабында:**

1. Тараптар Қорғас шекаралық пунктіден 24,5 км қашықтықта, Қорғас су пунктіден 4,3 км төмен Қорғас өзенінде «Достық» ортақ бірлескен су торабын (бұдан әрі – бірлескен су торабы) салуды жүзеге асырады.

2. Бірлескен су торабының түйісу сызығы оның осінен өтетін сызық болып табылады.

3. Бірлескен су торабы тең үлеске ие Тараптар мемлекеттерінің ортақ меншігі болып табылады.

Ал 3-бабында

Бірлескен су торабының құрылысын қаржыландыруды Тараптар бірлескен су торабының жалпы құнының 50 пайызы бойынша ынтымақтаса жүзеге асырады [10].

Бұл келісімнің Қазақстан үшін тиімді тұстары ретінде:

- су ресурстарын тең бөлу;
- су бөгеттері арнайы инженерлік құрылыстар көмегі арқылы жасалуы және өзен бойындағы инженерлік емес құрылыс болып табылатын су бөгеттерін екі жақта да жою;
- алынған судың нақты өлшемі;
- суармалы жерлерді сумен қамтамасыз ету – 16 мың га. көп емес;
- гидроэнергетикалық ресурстарды пайдалана отырып, жақында орналасқан ауылдарды электр қуатымен қамтамасыз ету-ортажылдық көлемде 10,5 млн. кВт.с. дейін [11].

Жалпы қарайтын болсақ, дәл сол жетінші отырыстан бастап, нақты проблемалар қажетті жоғарғы деңгейге шығып, өз шешімін таба бастады. Дегенмен Қытайдың өзінің көздеген мақсаттары бар, сондықтан олар трансшекаралық өзендердің суын бөлісуді асықпайды. Менің ойымша, ол

біріншіден Қытайдың Сынцзян-Ұйғыр автономиялық ауданын дамытумен тікелей байланысты. Қазіргі таңда Сынцзян-Ұйғыр автономиялық ауданында қытайландыру саясаты кеңінен дамуда, қытайландыру саясатын жүзеге асыру үшін, бұл ауданға бірнеше миллион қытайды көшіру қажет, ол қытайларды көшіру үшін жұмыс орындарын, тұрғылықты үйлерін құру керек. Бұл жаңа өнеркәсіптің дамуына әкеледі. Біз үшін бұл ауданда адам санының өсуі Ертіс және Іле өзенінің ағысының тағыда азаюына әкелуі мүмкін. Сондықтан тез арада экономикалық және экологиялық апат болмай тұрмағанда, Қытаймен су бөлісудегі бір келісімге келу қажет.

Қытай Ресейді үшінші жақ ретінде қосуға тікелей қарсылығын білдіруде, бірақ Ресейдің де құқығы бар, өйткені Қытайдан бастау алатын Ертіс өзені Ресейдің Обь өзеніне құйып, нәтижесінде Солтүстік мұхитқа шығады. Қытай Ресейді келіссөздер процесіне қосуға қарсы болғанымен, Қазақстанмен Ресей арасында трансшекаралық өзендерге қатысты бірізділікті байқауға болады. Әрине, біздің де арамызда келіспеушіліктер бар, бірақ олар уақытында өз шешімін табады деп сеніммен айтуға болады. 2010 жылы Қазақстанмен Ресей «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Трансшекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану және қорғау туралы келісімге» қол қойған болатын. Осы келісімдегі кейбір баптар ерекше назар аударуды талап етеді: **3-бап** Трансшекаралық әсер етуді болдырмау мақсатында Тараптар:

– трансшекаралық су объектілерінің гидрологиялық және гидрохимиялық режимінің және олармен байланысты экожүйе жай-күйінің нашарлауына әкеп соғуы мүмкін әрекеттерден немесе әрекетсіздік жағдайлардан бас тартады;

– трансшекаралық су объектілерінің ластануын болдырмау, шектеу, қысқарту және жою бойынша шаралар қабылдайды.

Қазақстан мен Ресей келісімде ерекше назарды, апатты жағдайдағы тараптардың іс-әрекетіне және экологиялық мәселелеріне қояды. Мысалға келісімнің **8-бабы** 1992 жылы қабылданған Хельсиндік ережелеріне сай келеді, ол ережелер бойынша ластанған жақ, толыққанды кінәлі болып, барлық материалдық шығынды өз мойнына алу керек: «Егер Тараптардың бірінің қандай да бір іс-шараларды жүзеге асыруы екінші Тарапқа залалын тигізсе, жәбірленуші Тарапқа оның өтемі үшін осындай іс-шараларды жүзеге асырған Тарап жауапты болады». Келісімнің **11-бабында** тараптар төтенше жағдайдағы іс-әрекеттерін нақты белгілеген: «Тараптар трансшекаралық су объектілерінде төтенше жағдайлар туындаған жағдайға арналған іс-шаралар жоспарын, оларды айқындау өлшемдерін әзірлейді және келіседі, сондай-ақ үйлесімді техникалық құралдарды қолдану негізінде байланыс, хабардар ету және дабыл қағудың үйлескен немесе бірлескен жүйелерін құрады.

Трансшекаралық әсер етуге себеп болатын төтенше жағдай туындаған жағдайда, Тараптар: ол туралы бірін-бірі дереу хабардар етеді;

қажет болған жағдайда осындай жағдайды жедел зерделеу және дамуын болжау бойынша ынтымақтасады;

төтенше жағдайларды оқшаулау, жұмсарту және салдарын жою бойынша шаралар қабылдайды;

мүдделі Тараптың сұрауы бойынша екінші Тарап оған көрсетілген жағдайдың салдарын болдырмауда, жұмсартуда және жоюда тиісті көмек көрсетеді» [12].

Қорытындылай келсем, Қытай өзінің көздеген аймақтағы саясаты жүзеге аспағанға дейін, суды тең бөлу мәселесін қолға алмайын деп тұр. Қытай Ресей секілді үшінші жақты келіссөздер процесіне қосқысы келмейді, өйткені Ресейде қысым көрсету рычагтары Қазақстаннан басымырақ болып табылады. Ресеймен Қытай арасында трансшекаралық өзендер жайлы әлі де келісімдер жоқ. Қазақстан Ертіс және Іле секілді ірі өзендерін сақтап қалу мақсатында, әр комиссияның отырысы сайын, суды тең бөлу жобасын ұсынуда, бірақ Қытай адекватты жауап берген жоқ әлі.

ӘДЕБИЕТ

[1] Водно-энергетические ресурсы Центральной Азии: проблемы пользования и освоения // Отраслевой обзор // 24 апреля 2008 года // Евразийский банк развития // <http://www.eabr.org>;

[2] Семь из восьми главных рек Казахстана являются трансграничными – «круглый стол» в Алматы // <http://www.zakon.kz/136271-sem-iz-vosmi-glavnykh-rek-kazakhstan.html>

[3] Азмех Ю. О проблеме ресурсов пресной воды на Ближнем Востоке // ИТАР-ТАСС, Сер. «СВ». – 19.04.1994. – С. 2-3.

- [4] Борисенко И. Сирийско-израильские переговоры // ИТАР-ТАСС, «Пульс планеты». Сер. «АМ». – 29. 12. 1995. – С. 2.
- [5] Фазельянов Э. Вода как фактор мира и стабильности: проблемы Нила в зеркале международного права // Азия и Африка сегодня. – 1999. – № 11. – С. 2-8.
- [6] Котов А. Переговоры с Бангладеш о разделе вод Ганга // ИТАР-ТАСС. Сер. «АК». – 25.07.1995. – С. 9-11.
- [7] Бассейн реки Иртыш (Китай, Казахстан, Россия) // http://cawater-info.net/bk/water_law/8_3.htm
- [8] Или река // <http://silkadv.com/ru/node/362>
- [9] «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасы Үкіметінің арасындағы транспекаралық өзендерді пайдалану және қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім» // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/O0600000008>
- [10] «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қорғас өзенінде "Достық" ортақ бірлескен су торабын салудағы ынтымақтастық туралы келісім» // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000627>
- [11] Объединенный гидроузел «Достык» на реке Хоргос // http://kazaqua.com/index/obedinennyj_gidrouzel/0-35
- [12] Использование трансграничных рек Казахстана и Китая // <http://www.sarap.kz/rus/view.php?id=477&sarap=92de0e0774556828fe7dcd4256>.

REFERENCES

- [1] Vodno-energeticheskie resursy Centralnoi Azii: problem polzovaniya I osvoeniya // Otrasevovoi obzor // 24 aprelya 2008 goda // Evraziskii bank razvitiya // <http://www.eabr.org>;
- [2] Semi z vosmi glavnykh rek yavlyaytsya transgranichnymi-«kruglyi stol» v Almaty <http://www.zakon.kz/136271-sem-iz-vosmi-glavnykh-rek-kazakhstan.html>
- [3] Azmex Y. O problem resurov presnoi vody na Blizhnem Vostoke. // ИТАР-ТАСС. Сер. «SV». 19. 04. 1994. P. 2-3.
- [4] Borisenko I. Siriisko-izrailskie peregovory. // ИТАР-ТАСС, «Puls planety». Sder. «АМ», 29.12.1995. P. 2.
- [5] Fazelyanov E. Voda kak factor mira I stabilnosti: problem Nila v zerkale mezhdunarodnogo prava // Aziya I Africa segodnya. 1999. N 11. P. 2-8.
- [6] Kotov A. Peregovory s Bangladesh o razdele vod Ganga // ИТАР-ТАСС. Сер. «АК». 25.07.1995. P. 9-11.
- [7] Bassein reki Irtysh (Kitai, Qazaqstan, Rossiya) // http://cawater-info.net/bk/water_law/8_3.htm
- [8] Ili reka // <http://silkadv.com/ru/node/362>
- [9] «Qazaqstan Respublikasynyn Ukimeti men Kytai Xalyk Respublikasy Ukimetinin arasyndagy transshekaralyk ozenderdi paidalanu jane korgau salasyndagy yntymaktastyk turaly kelisim» // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/O0600000008>
- [10] «Qazaqstan Respublikasynyn Ukimeti men Kytai Xalyk Respublikasy Ukimetinin arasyndagy Korgas ozenindegi «Dostyk»ortak birlesken su torabyн saludagy yntymaktastyk turaly kelisim» // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200000627>
- [11] Obedinennyi gidrouzel «Dostyk» na reke Xorgos // http://kazaqua.com/index/obedinennyj_gidrouzel/0-35
- [12] Ispolzovanie transgranichnyx rek Qazaqstana I Kitaya // <http://www.sarap.kz/rus/view.php?id=477&sarap=92de0e0774556828fe7dcd4256>.

КАЗАХСТАН И КИТАЙ: ПРОБЛЕМЫ ТРАНСГРАНИЧНЫХ РЕК

Е. О. Садибеков

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: экологическая катастрофа, трансграничные реки, конвенция, Китай.

Аннотация. Статья посвящена анализу Казахстанско-Китайским отношениям в сфере трансграничных рек. В рамках статьи проводится ретроспективный анализ, приводятся множества факторных и дескриптивных примеров о том как развивалось отношения между Казахстаном и Китаем, как и какую политику придерживаются страны при разрешении трансграничных водных проблем и конфликтов. Цель статьи искать ответы на вопросы связанные со следующими понятиями: политика и водные ресурсы, международное право и национальные интересы, экологическая катастрофа и пути решения экологических проблем при помощи международного водного права, каковой должна быть политика государства в водной сфере и т.д.

Поступила 17.03.2016 г.